



Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасының көрсеткіштерін орындау

2020 жылы барлығы 156,6 млн ГДж отын-энергетикалық ресурстар (2019 жылға қарағанда 14%-ке аз), оның ішінде электр энергиясы – 13,2 млн ГДж, жылу энергиясы – 4,2 млн, мотор отыны – 1,5 млн, қазандық-пеш отыны – 137,7 млн ГДж тұтынылды. Энергия тұтыну көлемі үш бизнес бағыт арасында бөлінген: "Мұнай және газ өндіру", "Мұнай және газ тасымалдау" және "Мұнай және газ өңдеу".

2019 жылмен салыстырғанда энергия ресурстарын тұтынудың төмендеуі газ тасымалдау көлемінің қысқаруымен, сондай-ақ пандемияға байланысты КСШ өндірудің төмендеуімен байланысты. 2020 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша меншікті өндірілетін энергия көлемі 406,0 млн кВт электр энергиясын және 4 096 мың Гкал жылу энергиясын құрады.

Инновациялық технологияларды қолдану және ЖЭК пайдалану мұнай-газ саласындағы салыстырмалы түрде жаңа, бірақ соған қарамастан перспективалы бағыт болып табылады.

ҚТГ-де, атап айтқанда еншілес ұйымдары – АГП мен ИОА-да енгізілген ЖЭК өткен жылдары тиімді жұмыс істеді: жану жүйесі және DLE шығарындыларының деңгейі төмен газ айдайтын агрегаттар (ГАА); реактивті қуатты (электр желілерінің реактивті өлшемдерін) өтеуге арналған өтемдік құрылғылар; Waterkotte үлгісіндегі геотермалдық жылу сорғылары; монокристалды күн панельдері (батареялар); термоэлектр генераторлар (Closed Cycle Vapor Turbogenerator) және блок кешенді электр станциялары (Capstone), дербес режимде жұмыс істейтін; энергия ресурстарын есепке алудың кешенді автоматты жүйесі (ЭРЕАКЖ), энергия үнемдейтін жарық беретін жарық көздерін қолдану.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша 2020 жылғы энергия көздері бойынша бөлінген генерациялайтын (өндірілетін) жаңартылатын энергияның жалпы көлемі:

- ◆ геотермалдық (жылу) энергиясын жылу сорғыларымен өндіру – 625,8 Гкал;
- ◆ күн панельдерімен электр энергиясын өндіру – сағатына 111 352 кВт;
- ◆ электр энергиясын өндіру термоэнергия генераторларымен (ТЭГ – Ренкин циклы) – сағатына 1 154 510 кВт.

2020 жылы аумақтағы кешелерді жарықтандыру үшін ПКОП-тың күн панельдерімен электр энергиясын өндіруі сағатына 211 мың кВт құрады.

Түрлері бойынша энергия ресурстарын тұтыну, %



Энергия сыйымдылығы

2020 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша көмірсутектерді өндіру бағыты бойынша орташа энергия тұтыну өндірілген КСС тоннасына 2,2 ГДж құрады, бұл Мұнай және газ өндірушілердің халықаралық қауымдастығының (IOGP) көрсеткішінен 46%-ке жоғары, ол 2018 жылы өндірілген көмірсутектердің тоннасына шаққанда 1,5 ГДж болды. Мұнай өндіруде энергия ресурстарын нақты тұтынудың артуы, ең алдымен, ескі кен орындарында өндірістің сулануының артуымен байланысты, өйткені өндірілетін сұйықтықтың нақты тығыздығы және, тиісінше, өндірудің механикаландырылған әдістеріне тұтынылатын энергия артады.

ҚМГ компаниялары тобының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары – технологиялық жабдықты жаңғырту, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, жылу энергиясын өндіруді және тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ меншікті, оның ішінде ІМГ пайдалана отырып, генерация көздерін дамыту.

2020 жылы энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бойынша 55 іс-шара орындалды, отын-энергетикалық ресурстардың жылдық жоспарлы үнемдеуі 0,9 млн ГДж құрады, табиғи нысанда – 6,9 млн кВт электр энергиясы, 10,3 мың тонна отын газы, 11 803 мың м³ табиғи газ.